

Борлыбұлақ ауылының №42 негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жылдық тәрбие жұмысының талдауы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуіріндегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып 2022-2023 оқу жылына арналған мектептің жылдық тәрбие жұмысының жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбие мақсаты: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Қөпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2022-2023 оқу жылының тамыз айында барлық мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға жан-жақты материалдық көмек көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, аз қамтылған отбасынан шыққан біздің мектебімізде білім алатын 2 оқушыға кеңсе тауарлары берілді.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында 1 қыркүйек - Білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында сынып сағаттары және мерекелік салтанатты жиын өткізілді. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылары үшін салтанатты түрде «Әліппе» оқулығы табысталды.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағытында 5 қыркүйек-Тілдер күніне орай мектеп кітапханасында 5-9 сынып оқушыларымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған танымдық сағат өтті.

Денсаулық күніне орай 1-8 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, көңіл күйді көтеру, сыныппен бірге ұйымшылдықты сезіну мақсатында «Көңіл күй және денсаулық» тақырыбында мектептің спорт алаңында эстафеталық ойындар өткізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы №511 Жарлығына сәйкес қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы

күнінің» аттып өтуіне байланысты алталақ жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді. 1-9 сыйныптарда тәрбие сағаттары, балалардың санасына дәстүрлі ұлттық және адамгершілік құндылықтарды жандандыру, отбасы негізінде қалыптастыру мақсатында "Менің отбасым" тақырыбында сурет салу байқауы үйимдастырылып өткізілді. 5-8 сыйнып оқушылары шығарма байқауы өткізілді.

1 Қазан – Халықаралық Қарттар күніне және Ұстаздар күніне арналған түрлі іс-шаралар үйимдастырылды. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» және «Ұстаз-ұлы тұлға» тақырыбымен мерекелік шара өткізілді. Шара барысында мектеп ұстаздары атынан ауылымыздың 80 жастан асқан қарттарын мерекелерімен құттықтап, сый сияпат тапсырылды. Атқарылған іс-шаралар Facebook әлеуметтік желісіне жүктелді.

14 қазан күні мектебімізде ШО, МАД, 1-9 сыйнып оқушылары арасында мерекелік жәрменкесі және «Аяулы күз, Алтын күз-2022» атты мерекелік концерттік шарасы өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әр ай сайын іс-шаралар үйимдастырылып отырады.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты, қараусыздық пен панасыздықты болдырмау және алдын алу, білім алудан бас тартатын балаларды анықтау және оларды мектепке қайтару үшін жедел шаралар қабылдау мақсатында «Тұнгі қаладағы балалар» рейді өткізіліп, хабарлама аудандық білім бөліміне тапсырылады. Мектепте оқушылардың жүгінімдері мен ұсынымдарына арналға «Сенім» жәшігі орналасқан және де «Мектептің қауіпсіздік командасы» құрылды және дәлізге стенд жабдықталды.

25-қазан Республика күніне орай Аудандық білім бөлімінен келген жоспарға сәйкес мектепішілік іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Бірыңғай Республикалық диктант өткізу күні 2-8 сыйнып оқушылары «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбында диктант жазды. 25 қазан Республика күні меркесіне орай «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық чөллендік үйимдастырылды.

25 қазан Республика күнін мерекелеуге арналған салтанатты жиын барысында оқушыларды «Жас ұлан» мен «Жас қыран» үйыми қатарына қабылдау рәсімдері өткізілді.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай мектепішілік жоспар құрылып, шаралар өткізілді. Сынып жетекшілері Тәуелсіздік тақырыбында сынып сағаттарын өткізіп, қабырға газеттері шығарылды және оқушылар арасында сурет байқауы үйимдастырылды.

29 желтоқсан күні 10.00-де мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиеленушілері және Мектепалды даярлық сыйныбы арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты ертеңгілік өткізілді. 15.00-де 1-8 сыйнып оқушылары арасында «Жаңа жылға саяхат» атты жаңа жылға арналған концерттік бағдарлама болып өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қаңтар айында ұстаздар мен оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан!» тақырыбындағы акция аясында қыскы спорттық сайыс өткізілді.

2023 жылдың ақпан айында 4-сынып білім алушыларымен облыстық «Өнегелі өмір» жобасы аясында «Азамат жолы-ар жолы» тақырыбында Тәжік-Ауған шекарасындағы қақтығысқа қатысқан ауылымыздың ардагер азамат Смагулов Саят Маратұлымен кездесу өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпан айында 5-8 сынып оқушылары «Адалдық жолы-ар жолы» тақырыбында эссе жазды.

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай 1-8 сыныптар арасында тәрбие сағаттарын өткізді. Мектеп психологи А.К.Ильдебаева 1-4 сынып оқушылары арасында «Алғыс жүректен шығады» тақырыбында тренинг өткізді. 5-8 сынып білім алушылары «Қазақ еліне мың алғыс» тақырыбында эссе жазды. 1-4 сынып білім алушылары арасында суреттер конкурсы өткізіліп, оқушылар марапатталды.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай сынып сағаттары және «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында наурыз айында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелерінің қатысуымен «Жемқорлықпен күрес-баршаға міндегі» тақырыбында іс-шара өткізілді. Оқушылар сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейнеролик тамашалап, өз ойларымен бөлісті.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай шағын орталық, Мектепалды даярлық сыныбы және 1-8 сынып білім алушыларының қатысуымен «Армысың, әз Наурыз!» атты мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді.

24 сәуір күні «Нашақорлықтың алдын алу, есірткіге қарсы күресу жолдары» тақырыбында 5-8 сынып білім алушылары мен Қарағайлы кентінің Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УП инспекторы полиция аға лейтененты Жұмағазы Толғанай Маратқызы және мектеп медбикесі Смақанова Гаянә Саятқызымен кездесу өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сәуір айында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жылдық жоспарына сәйкес 1-8 сынып білім алушыларымен «Адалдық дүкені-тәрбие мекені» тақырыбында адалдық дүкені өткізілді. Іс-шараның мақсаты білім алушыларды адалдыққа тәрбиелеу, адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін нығайту.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Женіс күні меркелеріне орай мектепішілік өткізілетін іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілді. Әр сыныпта сынып сағаттары өткізіліп, «Достығы жарасқан туған елім» атты мерекелік концерттік бағдарламасы өткізілді. «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» тақырыбында кітап көрмесі және «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сурет сайысы өткізілді.

15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай сынып сағаттары және «Менің отбасым» тақырыбында балалар сурет конкурсы ұйымдастырылды.

30 мамыр күні «Жас түлек-2023» тақырыбында бастауыш сынып окушыларының бастауыпен қоштасу салтанатты жиыны өткізілді.

1 маусым – Халықаралық балалар күніне орай «Балалық шақ әлемі қандай ғажап» тақырыбында флешмоб және спорттық шаралар өткізілді.

Соңғы оқу күнінде сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатында патриотизм, Отанды сую, достық, татулық, ел тарихына, саяси репресия мен аштық құрбандарының есімдеріне құрмет таныту тақырыптарына басымдық берілді.

Тәрбие жұмысы бойынша жыл бойы өткізілген іс-шаралардың барлығы Facebook әлеуметтік желісіне жүктеліп отырды.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  Г.С.Қанафина